

Аудан әкімдігінің "Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың тамағы үшін ата - аналардың ай сайынғы төлем ақысының көлемін бекіту туралы" 2010 жылғы 23 шілдедегі № 149-қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 83-қ Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 15 шілдеде № 11-7-94 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 1353 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 372 «Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 23 шілдедегі «Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың тамағы үшін ата - аналардың ай сайынғы төлем ақысының көлемін бекіту туралы» № 149 - Қ қаулысына (Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 тамызында № 11-7-75 болып мемлекеттік тіркеу тізіміне енгізілген; «Мұнайлы» газетінің 2010 жылғы 13 тамыздағы № 44 - 45 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген 1 қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

Жоғарыда көрсетілген қаулының 2 тармағындағы «2 қосымшаға» деген сөзден кейін «және ай сайынғы төлем ақысынан 80%-ға босатылатын балалар санаты 3 қосымшаға» деген сөздермен толықтырылсын;

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Оңдабаевқа жүктелсін .

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

Е. Әбілов

" К Е Л І С І Л Д І "

" Мұнайлы аудандық білім бөлімі "

28 маусым 2011 жыл

Мұнайлы

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

28

маусымдағы

№ 83 - қ қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың 1 күндік тамақ калькуляциялық нормасы

Тағамдар	тағамдардың бірлігінің орташа бағасы	1 баланың бір күндік нормасы	
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы, мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың жасы	3 жасқа дейінгі	3 жастан 6 жасқа дейін	
			құны, тенге
			құны, тенге
Бидай наны	100	5.5	8
Қара бидай наны	100	2.5	4
Бидай ұны	72	1.152	1.44
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	200	4	6
Картоп	130	15.6	24.7
Әр түрлі көкөністер	230	41.4	46
Жас жемістер	330	29.7	19.8
Кептірілген жемістер	1200	12	12
Кондитерлік тағамдар	545	2.18	5.45
Қант	200	7	9
Сары май	650	7.8	13
Өсімдік майы	365	1.825	2.555
Жұмыртқа (дана)	22	5.50	11
Сүт	195	97.5	81.9
Сүзбе	320	12.8	12.8
Ет	1000	60	100
Балық	400	8	18
Қаймақ	460	2.3	2.3
Шай	1400	0.28	0.28
Тұз	40	0.08	0.2
Ашытқы	1250	1.25	1.25
Барлығы:		318.367	379.675
1 баланың орташа тамақтану нормасы			349.0

